# Линдавит прегна

## ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАСЫН ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

| **Құрамы:** 1 капсуласының құрамында: *белсенді заттар:* | **Мөлшері, мг** | **% ҰТТД** |
|---|---|---|
| **Кальций бисглицинаты** (Albion™ амин қышқылының хелатынан) | **345,00** | |
| *оның ішіндегі кальций* | 100,00 | 10 |
| **Магний бисглицинаты** (Albion™ амин қышқылының хелатынан) | **200,00** | |
| *оның ішіндегі магний* | 50,00 | 12,5 |
| **L- аскорбин қышқылы** | **80,00** | |
| *С дәрумені* | 80,00 | 133 |
| **Темір бисглицинаты** (Albion™ амин қышқылының хелатынан) | **65,00** | |
| *оның ішіндегі темір* | 14,00 | 100 |
| **Мырыш бисглицинаты** (Albion™ амин қышқылының хелатынан) | **50,00** | |
| *оның ішіндегі мырыш* | 10,00 | 67 |
| **DL-альфа-токоферола ацетат** | **35,82** | |
| *Е дәрумені* | 12,00 | 120 |
| **Никотинамид** | **16,00** | |
| *ниацин* | 16,00 | 88,9 |
| **Бета-каротин** | **10,80** | |
| *А дәрумені* | 0,18 | 0,02 |
| **Мүкжидек жемістерінің сығындысы** | **10,00** | - |
| **Мыс бисглицинаты** (Albion™ амин қышқылының хелатынан) | **10,00** | |
| *оның ішіндегі мыс* | 1,00 | 100* |
| **Кальций D-пантотенаты** | **6,66** | |
| *пантотен қышқылы* | 6,00 | 100 |
| **Марганец бисглицинаты** (Albion™ амин қышқылының хелатынан) | **6,25** | |
| *оның ішіндегі марганец* | 1,00 | 50* |
| **Цианокобаламин** | **2,50** | |
| *В12 дәрумені* | 0,0025 | 0,25 |
| **Холекальциферол** | **2,00** | |
| *D дәрумені* | 0,005 | 0,1 |
| **Пиридоксин гидрохлориді** | **1,71** | |
| *В6 дәрумені* | 1,40 | 70 |
| **Рибофлавин** | **1,40** | |
| *В2 дәрумені* | 1,40 | 87,5 |
| **Тиамин мононитраты** | **1,36** | |
| *В1 дәрумені* | 1,10 | 78,6 |
| **Птероилмоноглютаминді қышқыл** | **0,436** | |
| *фолий қышқылы* | 0,40 | 200* |
| **Калий йодиді** | **0,261** | |
| *оның ішіндегі йод* | 0,20 | 0,13 |
| **D-биотин** | **0,05** | |
| биотин | 0,05 | 100 |

*Қосымша заттар*: Мальтодекстрин /дәрумендер тасушы/, магний окиді, микрокристалдық целлюлоза (толтырғыш), май қышқылдарының магний тұздары, желатин (бұқаның терісінен), титан диоксиді *(Е171)*.

*ТР-ТС-022/2011 Кедендік одақтың техникалық регламенті «Азық-түлік өнімдері оларды таңбалау бөлімінде» 2-қосымша – ұсынылған тәуліктік тұтыну деңгейінен және
**БСЭГТ, 5-қосымша – тұтынудың баламалы деңгейінен аспайды.

**ҚОЛДАНУ САЛАСЫ:**
***ЛИНДАВИТ ПРЕГНА*** **–** құрамында минералдар мен микроэлементтермен үйлесетін дәрумендер бар мультивитаминді және мультиминералды кешенді қоспа, ұрық үшін де, жүкті әйел үшін де микроэлементтер мен дәрумендердің барабар жеткізілуін қамтамасыз ету үшін арнайы әзірленген.

**Линдавит прегнаның** ерекшеліктері:
ББҚ минералдық құрамбөліктерінде минералдық қоспалардың фармацевтикалық нарығының үздігі – американдық Albion™ компаниясы өндіретін хелаттық амин қышқылдарының аса сіңімді тамаша түрі бар.
Бұл түрінде биоэлементтер асқазан-ішек жолдарынан жақсы сіңеді, толық мөлшерлемесінде сақталып, асқазанды тітіркендірмейді, хелат түріндегі мүмкін артық бөліктері организмнен шығарылады. Сонымен қатар, олар басқа минералдардың сіңірілуіне кедергі келтірмейді. Қоспа формуласына мүкжидек сығындысы кіреді, ол жүктілік кезінде ас қорыту жүйесінің проблемаларын болдырмауға көмектеседі, сонымен қатар зәр шығару жолдарының инфекцияларының пайда болу қаупін азайтады.
**А дәрумені** иммундық жүйенің қалыпты қызмет етуін қолдайды және организмге жұқпалармен күресуге көмектеседі, терінің жағдайын жақсартады.
**D дәрумені** сүйек пен тістің қалыпты жағдайын қолдауға ықпал етеді, жасушалық бөліну үрдісінде маңызды роль атқарады. Сондай-ақ, ол бұлшық еттің және иммундық жүйенің қалыпты қызмет атқаруына көмектеседі.
**Е дәрумені** жасушаларды тотығу күйзелісінен қорғауға ықпал етеді.
**С дәрумені** иммундық жүйенің қалыпты қызметіне ықпал етеді, жасушаларды тотығу күйзелісінен қорғайды. Сонымен қатар, сүйектің, шеміршектің, қызыл иек пен тістің қалыпты қызмет етуі үшін коллагеннің қалыпты түзілуіне ықпал етеді.
**В1 дәрумені** жүректің және жүйке жүйесінің қалыпты тонусына, метаболизмі мен қалыпты қызмет етуіне ықпал етеді.
**В2 дәрумені** және ниацин терінің қалыпты жағдайын қолдайды және шаршауды, қажуды азайтады.
**В6 және В12** дәрумендері эритроциттердің қалыпты түзілуіне және жүйке жүйесінің қалыпты қызмет етуіне ықпал етеді.
**Фолий қышқылы** жүктілік кезінде аналық тіннің өсуіне ықпал етеді және жасушалық бөліну үрдісінде маңызды роль атқарады.
**Биотин** шаш пен терінің қалыпты жағдайын қолдауға ықпал етеді.
**Пантотен қышқылы** басқа дәрумендердің сіңірілуіне көмектеседі, жүйке жүйесіне және ішектің қимылына реттейтін әсер етеді.
**Кальций** – сүйек пен тістің саулығын қолдау үшін қажет.
**Магний** – шаршауды, қажуды азайтады, жүйке жүйесінің қалыпты қызмет етуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, ақуыздың дұрыс түзілуіне көмектеседі және сүйек пен тістің саулығын қолдайды.
**Темір** эритроциттердің және гемоглобиннің қалыпты түзілуіне ықпал етеді және жасушалық бөліну үрдісінде маңызды роль атқарады.
**Мырыш** ДНҚ қалыпты түзілуіне және иммундық жүйенің қалыпты қызмет етуіне ықпал етеді. Жасушалық бөліну үрдісінде маңызды роль атқарады, сондай-ақ, терінің, тырнақ пен шаштың жақсы жағдайына ықпал етеді.
**Марганец** сүйекті қолдау үшін дәнекер тінінің түзілуіне ықпал етеді.
**Мыс** шаштың және терінің түсінің саулығын қолдауда маңызды роль атқарады.
**Йод** қалыпты танымдық қызметті қолдауға, қалқанша бездің қызметі мен гормондарының өндірілуіне ықпал етеді.

**ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:**
Тамақтану кезінде тәулігіне 1 капсула көп мөлшерде сумен ішіңіз немесе дәрігердің ұсынысына сәйкес қабылдау қажет. *Линдавит прегнаны* қабылдау ұзақтығы - 30 күн.

**1 капсуланың ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:**
Ақуыздар - 0,12 г; Майлар - 0 г; Көмірсулар - 0,07 г;
Энергетикалық құндылығы - 3,3 кДж/0,8 ккал.

**ҚАРСЫ КӨРСЕТІМДЕРІ:**
- ББҚ құрамбөліктерін жеке көтере алмау;
- 18 жасқа дейінгілер

**ЕРЕКШЕ НҰСҚАУЛАР:**
- Препараттың кез-келген компоненттеріне жоғары сезімталдық жағдайында өнімді қабылдауға болмайды. Дәрігердің кеңесінсіз осы препаратпен бір уақытта басқа витаминдік препараттарды қолданбаңыз.
- Ұсынылатын тәуліктік дозадан аспауға тиіс. Тағамға биологиялық белсенді қоспаны әртүрлі және теңдестірілген диетаны алмастыру ретінде қолдануға болмайды.

**БОСАТЫЛУ ШАРТТАРЫ:**
Дәріхана желісі мен мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.
**САҚТАУ ШАРТТАРЫ:** жабық күйінде құрғақ және салқын жерде сақтау қажет. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!
**ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ ЖӘНЕ ҚАПТАМАСЫ:**
Қаптамасында 30 капсуладан, қазақ және орыс тілінде қолдану жөніндегі нұсқаулық қоса салынған.
**ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ:** 36 ай.
Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

**ӨНДІРУШІ:**
Olimp Laboratories Sp. z.o.o.
Пустыня 84F 39-200 Дембица, Польша

**МТК ұстаушысы:**
BELINDA LABORATORIES LLP.,
Unit 18, 53 Norman Road,
Greenwich Centre Business Park, SE10 9QF
Лондон, Великобритания

**Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан өнімнің (тауардың) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы:**
«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал)
ҚР, Алматы қ, Аль-Фараби даңғылы 7, ЖК «Нурлы Тау», блок 5А, офис 247
тел: +7 (727) 300 69 71, E-mail: cepheusmedical@gmail.com